

**ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 75 ЖЫЛ
75 ЛЕТ ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЕ
75 YEARS OF GREAT VICTORY**

FTAХР 03.20

**ЖҰМАБАЙ ШАЯХМЕТОВТЫҢ ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК
СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

Талғатбек Әминов¹, Әділет Талғатбеков²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының аға ғылыми қызметкері,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан, E-mail: aminovtm@mail.ru

²гуманитарлық ғылымдарының магистрі, Л.Н Гумилев атындағы ЕҰУ докторанты,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан, E-mail: adlettalgatbek@gmail.com

Түйіндеме: Мақалада «Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметі туралы жаңа құжаттар» атты онлайн режимінде 2020 ж. қарашада өткен республикалық дөңгелек үстелдің қорытындысы және көрнекті мемлекет қайраткерінің Екінші дүниежүзілік соғысы жылдарындағы еңбегіне қысқаша шолу жасалды. Сол жылдары Қазақстанның экономикасын, мәдениетін, білім ошақтары мен ғылыми мекемелерін дамытуға Ж. Шаяхметовтың қосқан үлесі сипатталды.

Дөңгелек үстелге қатысушылар Қазақстан тарихының кеңестік дәуірін зерттеуде және әртүрлі ұлтқа жататын сол кезеңде басшы қызметтерде болған дарынды тұлғалардың, әртүрлі бағыттағы қоғамдық-саяси қайраткерлердің ролін көрсетуде жаңа ғылыми тәсілдер мен теориялық-әдістемелік негіздемелер әзірлеу қажеттігін атап көрсетті. Әкімшілдік-өміршілдік жүйесінің қалыптасқан және орныққан кезеңіндегі тұлғалардың ролін зерттеу өзекті, өйткені бұл идеологиясыздандыру, тоталитарлық жүйенің мұрасын бұзу және одан бас тарту, отаршылдықтан кейінгі кеңестік сипаттағы синдромды еңсеру, сондай-ақ кеңестік және кеңестен кейінгі қоғамдарды зерттеу процестеріне тығыз байланысты.

Кілт сөздер: Шаяхметов, Кеңес Одағы, Қазақ КСР, соғыс, эвакуация, өміршіл жүйе, экономика, зауыт, академия, мал шаруашылығы.

Мақала «Көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметінің белгісіз беттері» жобасының аясында дайындалды.

МРНТИ 03.20

**ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ЖУМАБАЯ ШАЯХМЕТОВА В ГОДЫ
ВТОРОЙ МИРОВОЙ ВОЙНЫ**

Талғатбек Аминов¹, Адлет Талғатбеков²

¹Старший научный сотрудник Института истории государства КН МОН РК,
кандидат исторических наук, ассоциированный профессор,
Нур-Султан, Казахстан E-mail: aminovtm@mail.ru

² магистр гуманитарных наук, докторант ЕНУ им. Л.Н. Гумилева,
Нур-Султан, Казахстан, E-mail: adlettalgatbek@gmail.com

Аннотация: В статье сделан краткий обзор итогом Республиканского круглого стола «Новые документы о жизни и деятельности Жумабая Шаяхметова», проведенного в онлайн режиме в ноябре 2020 года и деятельности выдающегося государственного деятеля Казахстана в годы Второй мировой войны. Отмечаются заслуги Ж. Шаяхметова в военный период, внесенные в развитие экономики, культуры, образования и сферы образования Казахстана.

Участники круглого стола отмечали необходимость разработки новых научных подходов в изучении советского периода истории Казахстана и роли личностей, которые были руководителями различного уровня и общественно-политических деятелей разной направленности. Исследования роли личностей в период становления и утверждения командно-административной системы приобретает особую значимость для современного

казахстанского общества и науки в связи с процессами деидеологизации, слома и отказа от наследия тоталитарного режима, преодоления постколониального синдрома в его советской версии и выработки новых научных парадигм в изучении советских и постсоветских обществ.

Ключевые слова: Шаяхметов, Советский Союз, Казахская ССР, война, эвакуация, командная система, экономика, академия, сельское хозяйство.

IRSTI 03.20

THE ACTIVITIES OF ZHUMABAY SHAYAKHMETOV IN THE YEARS OF THE SECOND WORLD WAR

Talgatbek Aminov¹, Talgatbekov Adlet²

¹candidate of Historical Sciences, Associate Professor, senior Researcher of the Institute of State History of the Committee of Science of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, Nur-Sultan, Kazakhstan, E-mail: aminovtm@mail.ru

²master of humanitarian Sciences, ENU doctoral student, Nur-Sultan, Kazakhstan, E-mail:adlettalgatbek@gmail.com

Abstract. This article summarizes the results of the online republican round table in November 2020 «New documents on the life and work of Zhumabay Shayakhmetov» and a brief overview of the work of a prominent statesman during the Second World War. In those years, the development of the economy, culture, educational institutions and research institutions of Kazakhstan Zh. Shayakhmetov's contribution was described.

Participants of the round table noted the need to develop new scientific approaches and theoretical and methodological frameworks in the study of the Soviet era in the history of Kazakhstan and the role of talented people of different nationalities, leaders of different nationalities. The study of the role of individuals in the formation and establishment of the administrative-command system is relevant, as it is closely linked with the processes of de-ideology, dismantling and abandoning the legacy of the totalitarian system, overcoming the syndrome of post-colonial Soviet nature, and Soviet and post-Soviet societies.

Key words: Shayakhmetov, Soviet Union, Kazakh SSR, war, evacuation, authoritarian system, economy, plant, academy, animal husbandry.

Кіріспе: Әлемдегі әрбір халықтың жүріп өткен жолы, ерте заманнан бүгінге дейінгі өзіндік тарихы бар. Қазақ халқының тарихында аттары алтын әріппен жазылған, лайықты орынды иеленген ірі-ірі тұлғалар бар. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаев XX ғасырдағы белгілі тұлғалар жөнінде былай деген болатын: «Егер жиырмасыншы ғасырдың тарихына зер салатын болсақ, оның алғашқы отыз жылында-ақ қазақ зиялыларының аса көрнекті қайраткерлерінің тұлға танытып үлгергенін байқаймыз. Сол айтулы есімдердің білімдарлық һәм азаматтық тәлімдері кейде көріне бермейтін де арналар бар. Оның бағасын ұрпақтары, бүгінгі қазақ зиялалары беруге тиіс. XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды» (Назарбаев, 2003:156). Сол дәуірдегі қазақ зиялыларының жалғасы, көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабай Шаяхметов еді.

Жұмабай Шаяхметов отан тарихында лайықты орны бар, өткен ғасырда кеңестік Қазақстанның экономикасы мен әлеуметтік-мәдени дамуына елеулі үлес қосқан белгілі мемлекет қайраткері. Оның ұзақ жылдары бойы республикамыздың ең жоғарғы басқару жүйесінде еңбек етіп, сегіз жыл Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарғаны жұртшылыққа мәлім.

2020 жылғы 6 қарашада Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтында «Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметі туралы жаңа құжаттар» атты онлайн режимінде республикалық дөңгелек үстел өтті. Дөңгелек үстел Қазақ КСР-інің экономикалық және мәдени дамуына елеулі үлес қосқан еліміздің белгілі мемлекет және партия қайраткері Жұмабай Шаяхметовтың (1902–1966 жж.) өмірі мен қызметінің негізгі тұстарын талқылауға арналды. Соның ішінде оның Қазақстан тарихы кеңестік дәуірінің белгілі тұлғасы және мемлекет қайраткері ретіндегі өмірі мен қызметінің негізгі

кезеңдері қарастырылды. Атап көрсеткендей, Ж. Шаяхметовтың өмірінің көп бөлігі И.В. Сталин мен Н.С. Хрущевтің әміршіл-әкімшілдік жүйесінің қалыптасуы мен орнығуына байланысты аса күрделі және қайшылықты кезеңіне түспа-түс келді.

Өкінішке орай, Ж. Шаяхметовтың өмірі мен қызметі кеңестік және кеңестен кейінгі Қазақстанда бірқатар себептер бойынша академиялық зерттеулер нысанына жатқызылмады, солардың қатарында қолданбалы сипатындағы архивтік құжаттарды зерттеуге қол жеткізу және оларды ғылыми айналымға енгізу мәселелері де көпке дейін шешілмей келді. Бұрынғы кеңестік заманның зерттелмеген беттері ашылмаған жағдайда тарихи сана мен ұжымдық тарихи зердені, азаматтық келісім мен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру тіптен мүмкін емес. Осыған орай, Қазақстан тарихының беймәлім кезеңінің едәуір бөлігі әкімшіл-әміршілдік жүйесінің қалыптасқан мерзімі – 1920 және 1950-шы жылдарға тиесілі. Сол себепті өткен кезеңдегі Қазақ КСР-інің басқарушы лауазымдарында болған қазақ халқы өкілдерінің қызметін және олардың қоғамды жаңғырту жөніндегі кеңестік жобаларды іске асырудағы рөлін зерттеу қазіргі кезде де өзекті.

Дөңгелек үстелдің жұмысына Қазақстан тарихының кеңестік дәуірінің мәселелерімен айналасып жүрген ғалымдар қатысты. Олар өз сөздерінде Ж. Шаяхметовтың өмір жолы мен қызметінің негізгі кезеңдерін, оның ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының жұмысын ұйымдастырудағы, соғыс және соғыстан кейінгі жылдарындағы республикалық билік органдарын басқарудағы, сондай-ақ орталық билік органдарының алдында республиканың мүддесін табанды түрде, қажет болған жағдайда қарсы пікір білдіре отырып, қорғағандағы рөлін тілге тиек етті.

Зерттеу әдістері және талқылау. Мақаланы әзірлеу кезінде негізінен жинақтау, салыстырмалы зерттеу және синтез әдістемелері, Ж. Шаяхметов туралы жазған белгілі ғалымдар Д. Әшімбаев, М. Қозыбаев, Ш. Шөкин, З. Қабылдиновтың және т.б. еңбектері, сондай-ақ кейбір архив құжаттары пайдаланылды. Осы мақаламызда Ж. Шаяхметовтың Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы қызметіне қысқаша шолу жасауды жөн көрдік.

Жұмабай Шаяхметовтың республикалық деңгейдегі саяси және мемлекеттік қызметі Екінші дүниежүзілік соғыстың басталуына небәрі бір жыл қалғанда, яғни 1938 жылғы шілде айында, Алматыға келгеннен кейін басталады. Ол сол жылы, 36 жасында, Қазақстан Коммунистік (большевиктер) партиясының II съезінде Орталық комитеттің мүшелігіне, ал сол Орталық Комитеттің бірінші ұйымдастыру пленумында ОК-ның үшінші хатшысы болып сайланады. Бірінші хатшы - Николай Скворцов, екінші хатшы болып Сәлкен Дәуленов сайланады. Ж. Шаяхметовке негізгі қызметіне қоса, Тамақ өнеркәсібі, Қаржы, Денсаулық сақтау, Коммуналдық шаруашылық наркоматтарының (министрліктерінің) және ЛКЖО – Лениндік Коммунистік жастар одағының жұмысына жауап беру міндеті жүктеледі (Ашимбаев, Хлюпин, 2008: 407).

Осы қызметті атқару барысында ол қысқа мерзім ішінде партия қызметінің стилі мен әдістерін жылдам меңгеріп алып, өзін дарынды, әрі мықты ұйымдастырушы ретінде таныта білді.

1939 жылғы маусымда Ж. Шаяхметов Қазақстан КП (б) Орталық Комитетінің екінші хатшысы болып сайланып, тікелей ауыл шаруашылығы, атап айтқанда, мал шаруашылығы мәселелерімен айналысады. Соғыс басталар алдындағы жылдары республиканың ауыл шаруашылығында елеулі табыстарға қол жеткізіледі: егіс алқаптары кеңейіп, дөңді дақылдардың өнімділігі жоғарылайды, мал басы едәуір көбейеді (РМЖЗТА, 38987:14).

1941 жылғы ақпанда Ж. Шаяхметов шешуші дауыспен Бүкілодақтық КП(б) XVIII партия конференциясына қатысады. Сол мерзімде Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан. И.В. Сталин осыған байланысты елдің қорғанысын күшейту мақсатында КСРО-ның шығыс өңірлерінің, соның ішінде Қазақстанның өнеркәсіп базасын нығайтуға назарын аударады, кейін бұл шара Ұлы Отан соғысы барысында маңызды рөл атқарады. Сол кезеңде одақтас республикалардың орталық партия комиттері мен облыстық комиттердің өнеркәсіп пен көлік салаларына жетекшілік ететін хатшылар институты құрылған болатын.

Ұлы Отан соғысы еліміз үшін өте күрделі кезең болды. Бұл жылдары Жұмабай Шаяхметовтың мықты ұйымдастырушылық қабілеті ашылды. Ол соғыстың нақ алғашқы күні 1941 жылғы 22 маусымда Алматыдағы А.М.Горький атындағы саябақта 25 мың адам жиналған митингіде сөз сөйлеп, бүкіл қазақстандықтарға арнап мынадай үндеу жасады: «Бүгінгі таңда біздің барлық кәсіпорындарымыз – зауыттар, фабрикалар, кен ошақтары

мен кәсіпшілік орындары жұмыстарын соғыс жағдайына орай қайта құруға тиіс. Олардың әрқайсысы мықты қорғаныс қамалына айналуы керек. Біздің әрқайсымыз Отан алдында өзімізге үлкен жауапкершілік міндеттеп, жоғары сана-сезім, қырағылық, жанқиярлық, ерлік пен батырлық, жауынгершілік пен жинақылық таныта білуіміз қажет» (Шаяхметов, 1941).

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Кеңес Одағы халықтарына ең ауыр сын болды. Бұл соғыста 27 миллион адам қаза тапты. Республиканың әрбір 4-ші тұрғыны майданға және өнеркәсіптік жұмысқа тартылды. Олардың көпшілігі туған жеріне қайтпады. Сонымен қатар, соғыс кезіндегі Н.А. Скворцов Ж. Шаяхметов, Н. Оңдасынов, А. Қазақбаев, т.б. сияқты Қазақстан басшылары, осынау күрделі кезеңде, әскери-мобилизациялық жұмыстарда, республиканың экономикалық және басқа да салаларын басқаруда жоғары ұйымдастырушылық қабілеттерін көрсете білді.

Соғыстың алғашқы кезеңі өте ауыр соқты. Осындай жағдайда Қазақстанның рөлі біршама өсті. Соғыс қара, сирек кездесетін және түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібінің өнімдерін көптеп шығаруды талап етті. Қазақстан эвакуацияланған мекемелерді қабылдады. 1941-1942 жылдары республикаға 220-дан астам зауыттар мен фабрикалар, цехтар мен артельдер көшірілді. Бұған қоса, Қазақстанда 1941-1945 жылдары 240 өнеркәсіп орындары салынды. Қазақстан 85% қорғасын, 35% қалайы, 75% полиметалл рудаларын беріп отырды. Соғыс жылдары Қарағанды шахтерлары 34 миллион тонна көмір өндірді. Мұнай өндіру 39%-ға өсті (Қазақстан тарихы, 2006).

Соғыс жылдарында Қазақстанның қара металлургиясы ойдағыдай дамыды. Донбасты фашистер басып алғанда Қарағанды көмір бассейні майданға қажетті отынның 65 пайызын өндірген. Қарағанды шахтерлері төрт жыл ішінде 34 млн тонна көмір қазды. Елімізде соғыс жылдарында 19 жаңа шахта, жылдық қуаты алты миллион тонналық үш көмір разрезі салынып, пайдалануға берілді. Өлкеде көмір өндіру 1940 жылғы 6,6 млн тоннадан 1944 жылы 11,2 млн тоннаға жетті. Осы жылдары 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі ашылды. Атырауда мұнай айыратын зауыт салынды. Соғыстың 4 жылында алдыңғы жылдармен салыстырғанда 887,9 мың тонна мұнай жөнелтілген. Ал республика жеңіл өнеркәсіп өнімдері бойынша одақта РКФСР-ден кейін екінші орынға шықты. Қызыл Армия жауынгерлерін киім-кешекпен, азық-түлікпен қамтамасыз етуде республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің кәсіпорындары қыруар жұмыстар атқарды. Ер-азаматтары майданға алынып, бар ауыртпалық егде адамдардың, әйелдер мен балалардың мойнына түсті. Олардың еңбегінің арқасында соғыс жылдары Қазақстан колхоздары мен совхоздары елімізге 56 млн пұт астық, 733,9 мың тонна ет, 1142 мың тонна сүт, 62,4 мың тонна жүн өткізді. Бұған қоса, майданға 14,1 мың жүк және жеңіл автомашина 110,4 мың жылқы және 16,2 мыңарба жіберді (Әминов, 2016:257).

Жалпы айтқанда, республиканың ауыл шаруашылығы соғыс қажетіне бейімделді. Соғысқа шақырылғандардың үштен екісі ауыл шаруашылығы еңбекшілері екендігіне қарамастан, көптеген колхоздарда еңбекшілердің 80%-ын әйелдер құрады. Қолхозшылар еңбекте ерлік көрсетті. Осылайша, Ақтөбе облысындағы «Құрман» колхозының звено жетекшісі Ш. Берсиев тары өсіруден әлемдік рекорд жасап, әр гектардан – 202 центнер, Қызылорда облысындағы «Қызыл ту» колхозының звено жетекшісі Ы.Жақаев күріш өсіруден әлемдік рекорд жасап, әр гектардан – 172 центнер, осы облыстағы көрші «Авангард» колхозының звено жетекшісі Ким Ман Сам әр гектардан 150 центнер күріш алды. Қазақстанның ауыл шаруашылық еңбекшілері майданға нан, ет, шикізат өнімдерін беріп қана қоймай, 370 мыңға жуық эвакуацияланған мал басын сақтап қалды. Осылайша майданға ет, сүт, жүн, тері өнімдерін көптеп жіберді.

Қазақстан тұрғындары танкілер, самолеттер, сонымен қатар тұтас эскадрилья құрастыру үшін қаражат жинады. Қазақстандықтардың майдан мұқтажы үшін өз еріктерімен өткізген қаражаты 4700 миллион сомды құрады. Бұдан басқа, майданға 2,5 миллионға жуық жылы киімдер, 1600 вагон сыйлықтар жөнелтілді.

Сонымен қатар, Қазақстанға ғылыми және шығармашылық коллективтері эвакуацияландырылды. Алматыға Москва және Ленинград киностудиялары, 20-ға жуық ғылыми мекемелер және аттары әлемге әйгілі И.П. Вернадский, В.А. Обручев, А.М. Панкратова, А.А. Скочинский, т.б. сияқты академик-ғалымдар көшірілді (Козыбаев, 1970: 283-284).

Соғыстың бірінші күндерінен-ақ Қазақстан территориясында әскери құрамалар мен бөлімдер жасақталды. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып 316-шы атқыштар дивизиясы құрылды. Соғыс барысында барлығы 12 атқыштар, 4 кавалериялық дивизиясы, 7 атқыштар

бригадасы, 50-ге жуық жеке полктар мен батальондар, әртүрлі әскери жасақтар құрылды.

Соғыс жылдары 1196 164 қазақстандық әскер қатарына шақырылды. Жасақталған әскери құрамалар мен бөлімдер құрамы жағынан көп ұлтты болды. Өнеркәсіп орындарында жұмыс істеу үшін 670 мың адам мобилизацияланды. Осы атқарылған жұмыстардың ұйымдастырылуын республика басшылары Н.А. Скворцов Ж. Шаяхметов, Н. Оңдасынов және т.б. мүлтіксіз, үлкен абыроймен жүзеге асырды. Нәтижесінде, Қазақстан Ұлы Отан соғысы майдандарының берік арсеналына айналып қана қоймай, оның жеңіспен аяқталуына орасон зор үлес қосты.

Мәселен, Москва түбіндегі шайқаста генерал-майор И.В. Панфилов басқарған даңқты 316-атқыштар дивизиясы шешуші рөл атқарды. Ол жаудың танкілеріне қарсы табандылықпен қарсы тұра білді. 1941 жылдың 16 қарашасында Дубосеково разьезінде фашистердің 18 танкісін жойып, жауды Москваға өткізбеген 1075-атқыштар полкінің 28 жауынгерінің өшпес ерлігі бүкіл әлемге белгілі. Осы топтың құрамында болған политрук В.Г. Клочковтың: «Россия кең-байтақ, бірақ шегінерге жер жоқ! Артымызда, Москва!» деген қанатты сөздері бүкіл майданға тарады. Барлық жиырма сегіз панфиловшыларға Кеңес Одағының батыры атағы берілді. Генерал И.В. Панфилов 1941 жылғы 18 қарашада ерлікпен қаза тапты. Москва үшін шайқаста, Батыр атағын 1990 жылы ғана алған, аға-лейтенант Бауыржан Момышұлы басқарған батальон табандылық көрсетті. Сол шайқаста Кеңес Одағының батырлары Төлеген Токтаров, Мәлік Ғабдуллин, т.б. ерлік көрсетті. П.Б. Вихревке Кеңес Одағының батыры атағы ерлікпен қаза тапқаннан кейін берілді. Сонымен қатар, Кеңес Одағының батырлары – қарағандылық ұшқыш Н. Әбдіров, минометші Қ. Сатпаев, лейтенант Г. Рамаев Отан үшін ерлікпен қаза тапты.

Қазақстанда құралған басқа дивизиялар, бригадалар мен полктер Ұлы Отан соғысы майдандарына 1942 жылы кіргізілді. Бұл кезде Ақтөбеде жасақталған 312-ші дивизия Малоярославль түбінде жаудың үш-төрт дивизиясына қарсы бір жеті бойы қасарысқан қорғаныс ұрысын жүргізді. Шымкент қаласында құрылған 102-ші дивизия Украинаның солтүстік-шығысында қорғаныс шебін ұстап тұрды.

Ұлы Отан соғысы барысында Сталинград шайқасы бетбұрыс кезең болды. Бұл сұрапыл шайқасқа қатысқан құрамалардың арасында Қазақстанда жасақталған *38-атқыштар дивизиясы* бар еді. Ол әр кезде 62-армия (қолбасшысы В.И. Чуйков), 57-армия (қолбасшысы Ф.И. Толбухин), сондай-ақ Сталинград үшін болған шайқастың негізгі ауыртпалығын көтерген 64-армияның (қолбасшысы М.С. Шумилов) құрамында соғысты. Сталинград түбіндегі ұрыстарда Жамбыл қаласында жасақталған 81-атқыштар дивизиясы жауды талқандауда салмақты үлес қосты. 1942 жылғы қарашаның аяғы – желтоқсанның басында бұл дивизия Котельниково қаласын алуға, сөйтіп Сталинград қаласында қоршауда қалған Паулюстің армиясын босату үшін әрекет жасаған неміс-фашист әскерлеріне қарсы шайқастарға қатысты. Сондай-ақ Орал қаласында жасақталған 152-ші атқыштар бригадасының батальондары Элиста-Астрахань жолы арқылы Еділ өзенінің төменгі сағасына өтуге тырысқан неміс, румын әскер бөлімдерінің жолын бөгеді. Қызыл әскер бөлімдерімен шайқастарда көптеген шығындарға ұшыраған неміс-фашист әскерлері Астраханьға шабуыл жасауға тырысқан әрекеттерінен бас тартты.

Қазақстандық жауынгерлер тек Сталинград түбінде ғана емес, сонымен қатар Курск иінінде, Днепр, Ленинград үшін шайқастарда жанқиярлықпен соғысты. Ленинград қоршауындағы әскери бөлімдерде қызмет еткен жауынгерлердің арасында Д. Шыныбековтың, алысқа ататын зеңбірекке бекітілген аэростат командирі С. Жылқышиевтің есімдері мақтанышпен аталды. 1942 жылғы шайқастардың бірінде Батыс Қазақстан облысындағы Жаңақала ауданының түлегі Арыстан Ахметов өз есімін өшпес даңққа бөледі. Ол 19 жауынгермен әскери маңызы бар бір төбені жаудан қорғап, соңғы адамы қалғанша соғысты. Жаралы болып ес-түссіз жау қолына түскен одан жау солдаттары әскери мағлұмат алмақ болып азапқа салды. Тістерін сындырып, құлағын кесті. Осындай азапта жау офицерінің бетіне түкіріп, қайсарлық пен қаһармандық үлгісін көрсеткен А. Ахметовты қанішерлер үстіне жанармай құйып өртеп жіберді. Батыр жігіт жау алдында дес бермей, өмірден өтті. Елге оның ерлігі туралы хабар майдангер жазушы Павел Кузнецовтың очерктері арқылы жетті (Әминов. 2016:259).

Қуатты жарылғыш минамен жау танкісінің астына түскен Қарсыбай Сыпатаев, жаудың пулеметтен оқ шашып тұрған дзотының аузын өз кеудесімен жапқан Ленинград қорғаушысы Сұлтан Баймағамбетов қазақ жауынгерлерін ерлікке рухтандырды.

Соңғы жылдарға дейін тарихи оқулықтарда қазақ ұшқышы Кеңес Одағының батыры

Нүркен Әбдіровтің ерлігі жөнінде, атақты ұшқыш капитан Н. Гастеллоның отқа оранған ұшағын жаудың танк колоннасының үстіне шүйілдіре құлатып, тас-талқан еткен көзсіз ерлігін қайталаушы адам ретінде жазылып келді. Нүркен де 1942 жылы 19 желтоқсанда Ростов облысы Боков-Понамаревка ауданында жау оғы тиіп, жана бастаған өзінің «Ил-12» ұшағын неміс танктерінің шоғырланған калың ортасына бағыттап, оларды көп шығынға ұшыратып, қаза тапқан.

Бұл ерен ерлікті соғыстың алғашқы 5-ші күні капитан Масловтың экипажының құрамында (капитан Гастеллоның экипажынан сәл бұрын) қазақ ұшқышы, Алматы облысы Балқаш ауданының түлегі Бақтыораз Бейсекбаев та жасаған еді. Бұл тарихи әділеттікарада 56 жыл өткенде орнап, Б. Бейсекбаевқа Ресейдің батыры және Қазақстанның Халық Қаһарманы атағы берілді. Сталинград түбіндегі жеңістен кейін 1943 жылдың жазында қызыл әскер бөлімдері бірнеше жүздеген шақырым ілгері жылжып, Белгород-Орел шебіне шықты. Мұнда сол жылдың шілде айында Курск иінінде орасан зор шайқас жүрді. Курск шайқасына қатысқан әскери бөлімдердің қатарында қазақстандық 72-ші және 8-ші атқыштар дивизиялары да болды. 72-ші дивизияның жауынгерлері Белгородтың оңтүстік-шығысына қарай өңірдегі неміс әскерлерінің шабуылына қарсы қорғаныс шебінде қимыл жасады.

Сонымен бірге қазақстандық 8-ші атқыштар дивизиясы да Орел-Курск иінінде жау әскерлерімен жойқын ұрыстар жүргізді. Сөйтіп, гитлершілдердің бұл майдан шебінде шабуыл жасау әрекетінен ештеме шықпады. 1943 жылы 5 тамызда 72-ші және 8-ші дивизия жауынгерлері қатысқан Батыс және Брянск майдандарының әскерлері Орел және Белгородты немістерден азат етті. Сол жылғы күзде 100-ші Қазақ ұлттық атқыштар бригадасы Калинин майданындағы 3-ші екпінді армия құрамында Невель қаласын азат ету операциясына қатысты. 1943 жылы 17-ші қыркүйек – 10-қазан аралығында 101-ші қазақ ұлттық атқыштар бригадасы 4-ші екпінді армия құрамында Демидово қаласы маңындағы жаудың бекінісін бұзып өтіп, Смоленск және Витевск облыстарының 158 селосы мен деревнясын жаудан тазартты. Батыс майдан әскерлерінің құрамында сондай-ақ қазақстандық 30-ші гвардиялық және 8-ші атқыштар дивизиялары да болды.

Курск иініндегі жеңістен кейін Қызыл армия бөлімдерінің кеңінен етек алған шабуылы барысында Днепр өзенінен өтіп, туысқан Украин жерін азат ету айрықша орын алды. Украинаның ұлы өзенін кесіп өтудегі жанқиярлық ерлігі үшін 123 қазақстандық жауынгерге Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1944 ж. басында Ресей Федерациясының солтүстік-батыс аудандарын азат етуге Ленинград майданы әскерлерінің құрамында қазақстандық 314-ші атқыштар дивизиясы, 219-шы атқыштар полкі белсенділік көрсетті. Волхов майданындағы басқа да құрамалармен бірлесе қимыл жасай отырып, қазақстандық 31-ші атқыштар дивизиясы Новгородты жаудан босатты, сол үшін оған «Новгородтық дивизия» деген құрметті атақ берілді. 2-Прибалтика майданы құрамында жауға қарсы шабуылға сондай-ақ 319-ші атқыштар, 8-ші және 30-шы гвардиялық атқыштар дивизиялары мен 756-шы атқыштар полкі қатысты.

1944 ж. күзі - 1945 ж. көктемінде қазақстандықтар Еуропа халықтарын немістік езгіден азат ету ісіне де үлкен үлес қосты. Орталық және Оңтүстік-Шығыс Еуропа елдерін азат ету жорығында ерекше көзге түскен Қызыл Армия бөлімшелері мен құрамдары арасында қазақстандық 72-ші және 73-ші гвардиялық атқыштар дивизиялары ерлікпен шайқасты. Варшава-Берлин бағытында І-ші Белорус майданының құрамында 27-Қызыл Тулы Новгородтық гвардиялық атқыштар дивизиясы шабуылға шығып, 1945 ж. 23 ақпанда Познань қаласын азат етті. Фашистік Германияның мызғымас қамалы Померанияда қазақстандық 456-шы және 209-шы атқыштар, 173-ші артиллерия полктері шайқасты. Мұндағы әскери операцияның табысты болуына Қазақстанда жасақталған 310-шы Новгородтық атқыштар дивизиясы елеулі үлес қосты. 1945 жылдың 16 сәуірінен бастап – 2 мамырға дейін қазақстандық жауынгерлер Германияның астанасы Берлинді алуға қатысты. Лейтенант Рақымжан Қошқарбаев қатардағы жауынгер Булатовпен бірге алғашқылардың бірі болып, Рейхстаг қабырғасына қызыл жалау тікті (Әминов. 2016:261).

Қорытып айтқанда, ақиқат-шындыққа жүгінсек, Ұлы соғысында біздің қазақ жауынгерлеріміз нағыз ерліктің үлгілерін көрсетіп отырған. Белгілі орыс жазушысы Илья Эренбург Мәскеуді ерлікпен қорғап жатқан қазақстандық 316-шы дивизия жауынгерлерге қатысты 1942 ж. қазан айында «Красная звезда» газетінде «Қазақтар» деген мақаласында мынадай факті келтірген. Тұтқынға түскен бір фриц өз жауабында: «Бізге

қарай дауылдай дүркіреп, өлген-тірілгендеріне, біздің қарша боратқан оғымызға қарамай бір азиаттар жүгіріп келе жатты. Олардың қазақ деген ұлт екенін енді білдім» - дейді. Ал жазушы бұл жауапты өз ойымен ары қарай былай жалғастырады: «Қазақтар далада жел жетпес жүйрік аттарын мініп дағдыланған халық, олар қажет болса, батпақты жерлерде саз балшықты белуардан кешіп жүре береді» (Илья Эренбург, 1942).

Алайда қазақтардың кейбір ерліктері дер кезінде әділ бағасын ала алмады. Бұл мәселені сол кеңестік кезеңдегі Қазақстан басшылары бірнеше рет көтергенімен, олар оны түбегейлі шеше алмады. Мәселен, 1941 ж. Панфиловтың тірі кезінде Бауыржан Момышұлы Ленин орденімен марапатталуға ұсынылған, ал генерал И. Серебряков 1942 ж. оған «Кеңес Одағының батыры» атағын беруді ұсынған. Өкінішке орай, белгісіз себептерге байланысты бұл екі награда да Баукеңе бұйырмаған. Жазушы Александр Бек соғыс тақырыбына алғаш жазған «Волокалам тас жолы» романының бас кейіпкері етіп осы Бауыржан ағамызды алған болатын.

Жоғарыда айтқанымыздай, соғыс аяқталар қарсаңында Рейхстагқа жеңіс туын алғаш тіккендердің ішінде Рахымжан Қошқарбаев та болды. Кеңес Одағының батырлары, Рейхстагтың орталық күмбезіне Жеңіс туын желбіреткен жауынгерлер Михаил Егоров пен Мелитон Кантарияның ерлігіне өз бағасын бере отырып, шындығында бұл қаһармандық ерлікті алғашқы рет 1945 жылғы 30 сәуірдің 1 мамырына қараған түні өзге де жауынгер барлаушылар жасағанын, солардың ішінде біздің Рахымжан Қошқарбаев пен Григорий Болатов боғанын қалай ұмытамыз.

Олар Рейхстагқа дейінгі 300 метр қашықтықты 7,5 сағат бойы еңбектеп жеткен. Өйткені фашистер олардың басын көтертпей оқты қарша боратқан. Рахымжан аман-есен Жеңіс туын тігіп қайтіп келгенде дивизия командирі оны құшағына алып құттықтаған. Бұл туралы ол дереу майдан қолбасшысы Г.К. Жуковке хабарлайды, олардың кімдер екенін естіген қолбасшы ашу шақырып, бүкіл майданда ту тігетін орыс табылмаған ба, неге азиаттарды жібердің деп бұлқан-талқан болыпты. Қайтадан жеңіс туын тіктіріңдер біреуі – орыс, екіншісі – ұлы көсеміміз Сталиннің жерлесі болсын деп бұйырады. Мұны осы дивизияның байланыс бөлімінің командирі аға лейтенант Ә. Тәшкенбаев естіп, тұрған. Ертеңінде орыс Егоров пен грузин Кантария екінші рет «Жеңіс» туын тіккен. Ал қазақтардың ерлігі сөйтіп атаусыз қалған (Жылқышыбаева, 2005). Сөйтіп Қазақстан соғыс майданының сенімді арсеналына айналып, жеңіс күнін жақындатуға аянбастан барлық күшін жұмсады.

Жұмабай Шаяхметов КСРО Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің Қазақ КСР-і бойынша Уәкілетті өкілі болып тағайындалып, оған қорғаныс іс-шараларын үйлестіру, соның ішінде Гурьев-Орск мұнай құбырын салуды, металл сынықтарын жинауды қадағалау міндеті жүктелді. Бұған қоса. Ол Қызыл армия жауынгерлеріне жылы киім-кешек жинау жөнінде Республикалық комиссияның төрағасы міндетін атқарды. Сонымен қатар ол Қазақстанға соғыс кезінде КСРО-ның батыс өңірлерінен көшіріліп әкелінген азаматтарды, эвакуацияланған қорғаныс кәсіпорындарын, ғылыми-зерттеу институттары мен мәдени-ағарту кәсіпорындарын, олардың жұмысшылары мен қызметкерлерін, отбасы мүшелерін республика аумағында орналыстыруды ұйымдастырды.

Соғыс Қазақстанның ауыр өнеркәсібінің дамуына жақсы әсер етті. «Қазақстанда екі жүзден астам көшіріліп әкелінген кәсіпорындар индустрияның: машина жасау, станоктар шығару, оқ-дәрі өндірісі, химия өнеркәсібі және қара металлургия сияқты жаңа салаларының пайда болуына негіз болды. Ал республиканың жеңіл, тоқыма және тамақ өнеркәсібі 50-ден астам эвакуацияланған кәсіпорындармен толықты. Сонымен қатар республиканың жеңіл және тамақ өнеркәсібінің жаңа салалары: кондитерлік, ет-консервісі, балық-консервісі, тоқыма, мақта тоқу, тон тігу өндірістері іске қосылды. Жеңіл өнеркәсібінің тігін, тоқыма, тері илеу, аяқ киім шығару салалары едәуір дамыды» (Козыбаев, 1970: 283-284).

Жауға атылған 10 оқтың 9-ы қазақстандық қорғасын мен мыстан жасалды. Танктердің, ұшақтар мен кемелердің бронды (болат) сауыттарының құрамында қазақстандық марганец болды. Соғыс жылдары Өскемен қорғасын-мырыш зауыты, Балқаш түсті прокат зауыты, Жезқазған марганец комбинаты, Шығыс Қоңырат молибден руднигі және т.б. кәсіпорындар мен кен байыту фабрикалары іске қосылды. Осылардың барлығының өндіріске енгізілуіне Ж. Шаяхметов көп еңбек сіңірді.

Көрнекті қоғам қайраткері, дарынды қаламгер Қамал Смайыловтың жазуынша: «Жүмекең майданның арсеналына айналған Қазақстанның тізгінін ұстағандардың бірі

болды.Еліміздің батыс аймақтарынан жүздеген зауыт-фабрикалар көшіріліп әкелінді, миллионға жуық адам қоныс аударды. Солардың бәрі орныға келе майданға қажет қару-жарақты тасқындалып шығара бастады. Орал, Сібір, Қазақстан үшеуі соғыс басталғанда Кеңес Одағының қару қуаты екі есе көп болған Германияны артқа тастаған күш болды. Сол соғыс кезінде жауға атылған он оқтың тоғызын берген Қазақстанның түсті металлургиясы еді. Осының бел ортасында Жұмабай Шаяхметов жүрді... Қазақстан майдан шебіндегі аймақ болмаса да майдан мұқтажын мойнына алған сарқылмас арнал-қоймаға айналды. Қазақстан бәрінен бұрын өзінің тандаулы ержүрек ұлдарын майданға аттандырды» (Смайылов, 2002:14).

Сол жылдары Кеңес Одағының орталық газеті «Правда» өзінің бас мақаласында былай деп жазды: «Хорошо бьются казахи на фронте, хорошо работают для фронта их отцы, матери, жены в тылу. Казахстан могуче подпирает фронт всеми богатствами своей земли, всеми сокровищами своих гор» (Қуандық, 2009),

Ұлы Отан соғысының өте ауыр жылдарында Жұмабай Шаяхметов үлкен түсіністікпен және тығыз байланыста Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Николай Александрович Скворцовпен бірге жемісті жұмыс істеді. Бұл жөнінде Шаяхметовтардың отбасылық архивінде сақталған Н.А.Скворцовтың Қазақстанның бірінші басшысы қызметінен босатылғаннан кейін Жүмекеңе 1945 жылғы 5 тамызда жазған хатында жазылған. Онда былай деп айтылған: «Привет, дорогой товарищ Шаяхметов! Почти 1/6 всей своей не многолетней жизни я прожил в Казахстане, а какие это были годы, это могут понять и почувствовать только такие мои друзья и товарищи как Вы, с которыми я руку об руку добросовестно, не считаясь со здоровьем боролся и трудился на благо нашей Родины, для родного казахского народа, для его дальнейшего благосостояния и счастья. А сколько было трудностей и невзгод, особенно в годы войны. Да, есть чем вспомнить нашу совместную работу и дружбу. Где бы мне не пришлось работать, куда бы не забросила меня судьба, я всегда и всюду буду с благодарностью и с чувством гордости вспоминать наш родной и близкий моему сердцу Казахстан и казахский народ, Вас, моих друзей и товарищей, и прежде всего тех, которые все эти долгие семь лет плечом к плечу работали со мной» (Письмо Скворцова, 1945).

Соғыс жылдарының қиындығына қарамай, республиканың үкімет пен партия басшылары мәдениет саласына назар аударуды да ұмытпады. Мәселен, 1941 жылғы қараша айында Ж. Шаяхметовтың қолдауымен Алматы қаласында бірегей архитектурасымен және акустикасымен ерекшеленген Абай атындағы Опера және балет театры ашылды. Ал 1942 ж. республиканың көркем фильмдер шығаратын дербес киностудиясы құрылды. Соғыстың нағыз арпалыс кезінде, 1943 ж. желтоқсанда халықтың отансүйгіштік рухын көтеруге арналған республикалық ақындар айтысы өтті. Алматыда 1944 ж. Жас көрермендердің театры ашылды.

Сол қиын-қыстау кезеңнің өзінде Ж.Шаяхметов Қазақстан әйелдерінің күнделікті өндірістік, шаруашылық, ғылыми және мәдени тұрмыстағы қыруар еңбегі мен орасан зор әлеуетін жақсы түсінетін, бірақ олардың, әсіресе шалғайдағы қыз-келіншектердің республиканың жетекші жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндіктері жетіспейтін. Бұл мәселені одақтық мемлекеттік деңгейде шешу мақсатында ол И.В. Сталинді Алматыда Қазақ мемлекеттік педагогикалық қыздар институтын ашуға көндіреді. Сөйтіп. 1944 ж. сәуір айында құрылған институтта мыңдаған қазақ қыздарының тегін жоғары білім алуына жол ашылады.

Ж. Шаяхметовтың бастамашылығымен сол жылдары Алматыда Шет тілдер институты, Дене шынықтыру және спорт институты, Мемлекеттік консерватория, Қарағанды тау-кен институты, Шымкент химиялық-технология институты, бірқатар педагогикалық техникумдар құрылады. Ұлттық кадрлар үшін КСРО-ның жетекші жоғары оқу орындарына квота бөлінеді. Сол квота бойынша жыл сайын республика мектептерінің екі мыңға жуық түлектері негізінен Мәскеу мен Ленинградтың жоғары оқу орындарында білім алды. Студенттерге оқу орындарына барып отыруға жолақысын өтеуге және басқадай материалдық көмек көрсетуге назар аударылды.

Ж. Шаяхметов Қазақ КСР Ғылым академиясын құрушылардың бірі болып табылады. Оның ұсынысы бойынша 1941 ж. Қаныш Сәтбаев Қарсақбай мыс балқыту комбинатының бас геологы болып істеп жүрген қызметінен Алматыға Геология ғылымдары институтының директоры лауазымына ауыстырылады, ал 1943 ж. бастап бір мезгілде КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының директоры болып істейді.

Республика басшыларының қатысуымен 1946 ж. 1 маусымда Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратында Қазақ КСР Ғылым академиясының ресми түрде ашылуы өткізілді. Екі күннен кейін 3 маусымда Академияның бірінші жалпы жиналысында Қ.И. Сәтбаев оның алғашқы президенті болып сайланады.

1964-1967 жж. Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болған Шапық Шөкіұлы Шөкиннің жазуынша: «Әділеттігін айту керек, сол кезде ғылымға зор мән берілетін, тіптен соғыс кезінде аспиранттар әскерге шақырылудан босатылатын, ал олардың майданда жүргендері үйлеріне қайтарылатын. Ал 1946-1950 жж. барлық академиктерге мемлекет есебінен ғылымға сіңірген еңбектері үшін тегін дербес саябақтар сыйлыққа берілген болатын. Алматыда Горький (қазіргі Жібек жолы) атындағы көшеде ғалымдарға арналған үлкен тұрғын үй салынған еді (Чокин, 1996:21).

Ж. Шаяхметов соғыс жылдарының өзінде Қазақстанның индустриялық әлеуетінің дамуына көп мән берді. 1944 ж. ол бір топ жастарды майданнан қайтарып алу мүмкіндігіне қол жеткізіп, оларды Теміртау қара металлургия зауытын салуға аттандырды. Жүмекеңнің бастамашылығымен еліміздің солтүстігі мен оңтүстігін жалғастырған Мойынты-Шу темір жолы іске қосылады. Қазақстан басшыларының ұсынысы бойынша БКП (б) Орталық Комитеті мен КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің 1940 ж. қазандағы қаулысымен Омбы темір жолының құрамынан дербес Қарағанды темір жолы бөлініп шығарылып, оған сол кезде салынып жатқан Қарталы-Ақмола магистралі қоса беріледі. Жалпы Қарағанды темір жолының құрамына Бурабай, Ақмола, Қарағанды, Ағадыр, Атбасар, Құшмұрын және Жезқазған бөлімшелері кіргізіледі. Жол жұмыскерлерінің саны 20 мың адамнан тұрады, олардың көпшілігі жергілікті тұрғындар болатын (Исингарин, 2004:253).

Сол жылдары Өскемен Су электр станциясы, Қаратау таукен-химия зауыты, Жамбыл суперфосфат зауыты, Екібастұз көмір разрезі, Састөбе және Қарағанды цемент зауыттары, Шымкент мақта-мата комбинаты, Алматы тоқыма фабрикасы және көптеген т.б. салынады. Бұған қоса, Ж.Шаяхметов соғыс жылдары эвакуацияланған кәсіпорындар негізінде өнеркәсіптің жаңа салаларын құруды қолдады, бұл үшін Қазақстанға сол мезгілде қоныс аударған КСРО ғалымдарының, академиктері мен профессорларының, конструкторлары мен жетекші университеттері оқытушыларының ғылыми және интеллектуалдық әлеуеті барынша пайдаланылды.

Ж. Шаяхметовтың тікелей араласуымен соғыс жылдары Қазақстанның мұнай өндірісі саласы да дами бастады. Жұмыс істеп тұрған «Эмбімұнай» тресіне 4 жаңа мұнай кәсіпшілігі, ондаған бұрғылау скважиналары қосылды. Гурьев мұнай өңдеу зауыты жұмыс істей бастады. Соғыс жылдары республика мұнай өндіруді 40%-ға дейін арттырды. Жұмыс істеп тұрған электрстанциялар жүйесі Солтүстік Қазақстан мен Қарағанды облыстарындағы энергетиканың жаңа ірі және орташа нысандарымен толықты. Соғыс жылдары жалпы 460 зауыт, фабрика, кеніш, шахталар мен жеке өндіріс орындары, оның ішінде 300-дей эвакуацияланған кәсіпорындар салынды. Темір жол құрылысы жалғасты.

Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанның экономикалық проблемаларын шешуге байланысты Ж. Шаяхметов КСРО басшыларына Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті атынан бірнеше хат жолдайды. Мәселен, 1940 жылғы 26 қазанда И.В. Сталиннің атына Мойынты-Шу темір жолын және Алматыда Үкімет үйін салу жұмыстарын 1941 жылдың жоспарына енгізу туралы өтініш жасап, көсемнің келісімін алады (ҚР ПА, 10:68-69).

Ал бұдан сәл бұрынырақ, 1940 ж. 3 тамызда Жүмекең КСРО Жол қатынастары халық комиссары Л.М. Кагановичке ресми хат жолдап, Түркістан-Сібір жолында орын алған, тозығы жеткен рельстерді ауыстыру қажеттігі туралы мәселе көтеріп, оның да шешімін табады (ҚР ПА, 15:12-13). Ал 1942-1943 жж. Жүмекеңнің араласуымен Мақат-Орск, Ақмола-Магнитогорск желісінің құрылысы аяқталады.

Ж. Шаяхметов 1940 ж. 8 тамызда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің атынан КСРО Халық Комиссарлары төрағасының орынбасары М.Г. Первухинге ресми баяндамалық хат жолдап, Қарағанды көмір кешенінің жағдайын жақсарту үшін оны білікті кадрлармен қамтамасыз ету мәселесін көтеріп, жуық арада Қарағандыға кем дегенде 30 инженер және 70 техник мамандарын жіберуді сұрайды. Сонымен бірге жергілікті мамандарды даярлау және олардың біліктілігін арттыру мақсатында Қарағандыда кешкі техникум ашып, оның жұмысын сол жылдың күзінен бастау керектігін

ұсынады. Ол кейін осы талаптарының орындалуын бақылап отрады (ҚР ПА, 15:14-17).

Жоғарыда айтылғандай, соғыс басталысымен республикада танкілер мен ұшақтар жасау үшін ақша жинау қозғалысы жүргізілді. 1941 жылы күзде БЛКЖО (Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы) атындағы танк колоннасын құруға қаржы жинау басталды. Қазақтың белгілі балуаны, әлем чемпионы Қажымұқан Мұңайтпасов жеке қаражатынан қорға 100 мың сом өткізді. Нәтижесінде 1942 ж. армия қазақстандық комсомолдардан 45 жаңа танк алды. 1942-1943 жж. халықтан жиналған қаржыға 10 танк колоннасы, бірнеше авиация эскадрильясы, торпедалық катерлер мен жеке ұшақтар жасалды. Соғыс жылдары Қазақстан халқы әскери техника жасауға 480,3 млн сом қаржы косты (Қуандық, 2009).

1945 жылы мамырда Скворцовтың орнына БКП (б) Орталық Комитеті Хабаровск өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Геннадий Андреевич Борковты жібереді. Ол Ж. Шаяхметовпен ортақ тіл табысып, өз қызметіндегі көп мәселелерді шешкенде Жүмекеңмен ақылдасып отырады. Ол өзіне дейін Ж. Шаяхметовтың жеті жылдай Орталық Комитеттің хатшысы болып істеген кезде үлкен тәжірибе жинағанына және оның республикада да, одан тысқары жерлерде де зор беделге ие болғанына, оның үстіне Ж. Шаяхметовке Кеңес Одағы басшылығының үлкен сенім артқанына көзі жеткенін мынадан білуге болады. Г. Борков бір жыл өткен соң Мәскеуде болған кезінде: «Онда мен не істеуге тиіспін? Барлық мәселені Шаяхметовтың өзі шешіп жатыр», - деген көрінеді (Кабульдинов, Шаяхметов, 2020).

1946 ж. сәуірде Жұмабай Шаяхметов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалып, сол жылғы маусым айында Қазақстан Компартиясының XV пленумында осы қызметке сайланады. Республиканың бірінші басшысы қызметін сегіз жыл бойы зор абыроймен атқарып, еліміздің экономикасы мен әлеуметтік-мәдени дамуына үлкен үлес қосады. Оның үстіне Қазақстан одақтас республика болған кезде сол ең жоғарғы қызметке сайланған қазақ ұлтының алғашқы өкілі Жұмабай Шаяхметов болатын. Өкінішке орай, Н.С. Хрущевтің әділетсіздігінен 1954 ж. сәуірде Жүмекең төмендетіліп, Қазақстан Компартиясы Оңтүстік Қазақстан облыстық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне жіберіледі (ҚР ПА 4315:32-33). Ал бұл біздің ғылыми жобамыздың келесі тақырыбына жатады.

Дегенмен, белгілі тарихшы Қайдар Алдажұманов айтқандай: «Қалай болғанда да Жұмабай Шаяхметов өз заманының тұлғасы. Оның тағдырына 30-шы жылдардағы зобалаң, 1941-1945 жж. жойқын соғыс, одан кейінгі ел еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан кездегі күрделі де қиын кезеңде қызмет етіп, республика басшылығында болу үлесі тиді. Сондықтан оның қызмет еткен жылдарында Қазақстанның қол жеткізген табыстары да, қиын-қыстау күндері де барша халқымыздың тарихынан өз орнын алады. Жұмабай Шаяхметов те сол күрделі заманның қайсар қайраткеріретінде халық жадында мәңгі сақталады (Алдажұманов, 2002:12).

Қорытынды. Дөңгелек үстелге қатысушылар баяндамаларында Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметінің басқа да аспектілеріне жан-жақты сипаттама берді. Сонымен бірге олар өз сөздерінде Қазақстан тарихының кеңестік дәуірін зерттеуде және әртүрлі ұлтқа жататын сол кезеңде басшы қызметтерде болған дарынды тұлғалардың, әртүрлі бағыттағы қоғамдық-саяси қайраткерлердің рөлін көрсетуде жаңа ғылыми тәсілдер мен теориялық-әдістемелік негіздемелер әзірлеу қажеттігін атап көрсетті. Әкімшіл-өміршілдік жүйесінің қалыптасқан және орныққан кезеңіндегі тұлғалардың рөлін зерттеудің қазіргі қазақстандық қоғам мен ғылымға ерекше маңызы бар, өйткені бұл идеологиясыздандыру, тоталитарлық жүйенің мұрасын бұзу және одан бас тарту, отаршылдықтан кейінгі кеңестік сипаттағы синдромды еңсеру, сондай-ақ кеңестік және кеңестен кейінгі қоғамдарды зерттеу процестеріне тығыз байланысты болып отыр. Кеңестік республикалар халықтары өкілдерінің мемлекет пен қоғамды басқарудың кеңестік жобаларын іске асыруға әртүрлі қатысу үлгілері, олардың ұлттық мүдделерді алға тартудағы рөлі мен орны пәнаралық зерттеулердің нысанына айналуға тиіс.

Осы бас қосуда көтерілген ғылыми зерттеуге байланысты проблемаларының маңыздылығын ескере отырып, кеңестік Қазақстандағы өміршіл-әкімшілдік жүйесінің қалыптасуы мен орнығу кезеңінің ерекшеліктеріне байланысты мәселелер кешенінің күрделілігін назарға ала келе, Жұмабай Шаяхметовтың Қазақстан тарихының аса күрделі кезеңіндегі Қазақ КСР-інің басшысы болған ерекше тұлға ретіндегі орнының

маңыздылығын көрсете отырып, сондай-ақ Қазақстан тарихының жалпы бейнесі мен Қазақстан халқының ұжымдық зердесін қалыптастыру үшін сталиндік және сталиндіктен кейінгі кезеңдер тарихының күнгірт беттерін толықтыру және түсіндіру қажеттігін алға тарта отырып, дөңгелек үстелге қатысушылар төмендегі ұсыныстарды қабылдады:

1. Қазақ КСР-інің көрнекті басшысы Жұмабай Шаяхметовтың 120-жылдық мерейтойының (2022 ж.) жақындап қалуына байланысты кеңестік кезеңдегі басқару аппаратын қалыптастыру тарихы және Ж. Шаяхметовтың ұлттық кадрларды даярлаудағы рөлі бойынша республикалық деңгейде тиісті іс-шараларды жүзеге асыру – деректі фильмдер шығару, тақырыптық хабарлар ұйымдастыру, тарихшылармен сұхбаттар өткізу.

2. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтына кеңестік дәуірді, әсіресе 1930-1960 жж. (Ж. Шаяхметов белсенді қызмет атқарған кезең) зерттеу бойынша дүниежүзілік жетекші орталықтармен бірлескен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді күшейту.

3. Ғылыми қауымдастыққа Ж. Шаяхметовтың кеңестік Қазақстан тарихындағы рөлі туралы отандық басылымдарда, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жариялымдар әзірлеуге қызу кірісу.

4. Магистрлік және докторлық диссертациялар деңгейінде кеңестік әміршілдік-әкімшілдік жүйесінің қалыптасу, орнығу және бұзылу тарихын зерттеуді жалғастыру, Ж. Шаяхметовтың өмірі мен қызметі туралы және жалпы Қазақ КСР-інің 1920-1960 жж. тарихы бойынша құжаттар шығаруды күшейту ұйғарылды.

Осы қарарды басшылыққа ала отырып, қазіргі уақытта ғылыми зерттеушілер тобы Қазақстанның көрнекті мемлекет және партия қайраткері Жұмабай Шаяхметовтың өмірі мен қызметінің беймәлім беттерін ашып, жұртшылықтың назарына ұсыну мақсатында тиісті жұмыстар тындыруда.

Әдебиеттер

- Алдажұманов Қ. Өз заманының өр тұлғасы. Күрделі заманның қайсар қайраткері. Астана: Аударма, 2002 – 216 б
- Ашимбаев Д., Хлюпин В. Казахстан: история власти. Опыт реконструкции. Алматы: Credos, 2008. 407 с.
- Әминов Т.М. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы. 2016 ж., 448 б.
- Жылқышыбаева Қ. Қазақстандықтардың қаһармандық ерліктері // «Қазақ тарихы». 2005, №5.
- Илья Эренбург: Казахи // Красная звезда, 18 октября 1942 года.
- Исингарин Н.К. Железные дороги Казахстана. Становление. Алматы, ТОО «Экономтранс консалтинг», 2004. - С. 253.
- Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында, Алматы: Атамұра, 2003.
- Кабульдинов З.Е., Шаяхметов Р. Первый Национальный секретарь // *Вечерний Алматы*. 13 августа 2020 г.
- Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, «Аруна» баспасы, 2006.
- Козыбаев М. Казахстан-арсенал фронта. Алма-Ата: «Қазақстан», 1970. С. 283-284.
- ҚР Президентінің архиві (бұдан былай - ҚРПА). Қор 708, Т. 4/2. Іс 10. 68-69 пп
- ҚРПА. Қор 708. Т. 4/2. Іс 15. 12-13 пп.
- ҚРПА. Қор 708. Т. 4/2. Іс 15. 1417 пп.
- ҚРПА. Қор 708. Т. 39. Іс 4315. 32-33 пп.
- Қуандық Е. Қазақстан тарихы. Алматы, 2009.
- Письмо Н. Скворцова Ж. Шаяхметову (Из личного архива Шаяхметовых. 5 августа 1945 года)
- Ресей Мемлекеттік Жаңа заман тарихы архиві (РМЖЗТА). Қор 5, Тізімдеме 98, Іс. 38987, Б.14.
- Смайылов Қ. Тарихта өзіндік орны бар. Күрделі заманның қайсар қайраткері. Астана: Аударма, 2002 – 216 б.).
- Чокін Ш.Ч. Путь национальной академии наук: (воспоминания и размышления). Алматы: Ғылым, 1996, С. 21.
- Шаяхметов Ж. Выступление на митинге // Казахстанская правда, 22 июня 1941 года, экстренный выпуск.

References

- Aldazhumanov K. Oz zamanynynor tulgasy. Kurdeli zamannynkajsar kajratkeri. Astana: Audarma, 2002 – 216 b
- Ashimbaev D., Hlyupin V. Kazahstan: istoriya vlasti. Opyt rekonstrukcii. Almaty: Credos, 2008. 407 s.
- Aminov T.M. Kazakstan tarihy. Oku kuraly. Almaty. 2016. 448 b.
- Zhylkyshybaeva K. Kazakstandyktardyn kaharmandyk erlikteri // «Kazak tarihy». 2005, №5.
- Il'ya Erenburg: Kazahi // Krasnaya zvezda. 18 oktyabrya 1942 goda.
- Isingarin N.K. «Zheleznye dorogi Kazahstana. Stanovlenie». Almaty, TOO «Ekonomtranskonsalting»,

2004. - S. 253.

Nazarbaev N.A. Tarih tolkynynda, Almaty: Atamura, 2003.

Kabul'dinov Z.E., Shayahmetov R. Pervyj Nacional'nyj sekretar' // Vechernij Almaty. 13 avgusta 2020 g. Kazakstan tarihy. Enciklopediyalyk anyktamalyk. Almaty, «Aruna» baspasy, 2006.

Kozybaev M. Kazahstan-arsenal fronta. Alma-Ata: Kazahstan, 1970. S. 283-284.

KR Prezidentinin arhivi (budan bylaj - KRPA). Kor 708, T. 4/2. Is 10. 68-69 pp.

KRPA. Kor 708. T. 4/2. Is 15. 12-13 pp.

KRPA. Kor 708. T. 4/2. Is 15. 14-17 pp.

KRPA. Kor 708. T. 39. Is 4315. 32-33 pp.

Kuandyk E. Kazakstan tarihy. Almaty, 2009.

Pis'mo N. Skvorcova Zh. SHayahmetovu (Iz lichnogo arhiva SHayahmetovyh. 5 avgusta 1945 goda)

Resej Memlektetik Zhana zaman tarihy arhivi (RMZHSTA). Kor 5, Tizimdeme 98, Is. 38987, B.14.

Smajylov K. Tarihta ozindik orny bar. Kurdeli zamannynkajsar kajratkeri. Astana: Audarma, 2002 – 216 b.).

Chokin Sh.CH. Put' nacional'noj akademii nauk: (vospominaniya i razmyshleniya). Almaty: Gylym, 1996. S. 21.

Shayahmetov Zh. Vystuplenie na mitinge // Kazhastanskaya pravda, 22 iyunya 1941 goda, ekstrennyj vypusk.

FTAXP- 03.20.00

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНА МАЙДАННАН ТҮРҒЫНДАРДЫ ЖАППАЙ КӨШІРУ ТАРИХЫНАН (1941-1942 ЖЖ)

Апашева Сабира Нурбаевна¹, Токмұрзаев Бақыт Салманович²

¹тарих ғылымдарының кандидаты, Сырдария университетінің кафедра меңгерушісі, Қазақстан, Жетісай қ. sabira66_66@mail.ru

²философия докторы (PhD), Сырдария университетінің ЖОО кейінгі білім беру бөлімі басшысы, Қазақстан, Жетісай қ. b.tokmurza@gmail.com

Түйіндеме. Ұлы Отан соғыс жылдарында Қазақстан мен Орта Азия аумағы соғысты жан-жақты жабдықтаушы тыл аумағына айналумен қатар, көшіріліп келген адамдардың уақытша, тіпті тұрақты тұрағына айналды. Соғыстың арпалыс сәттерінде көшірілу шаралары көптеген қиындықтарға да тап болып отырды. Ұлы Отан соғысы аяқталған соң дәл осы тарихи шешімнің табысты болғандығына қатысты көптеген оң пікірлер білдірілгенімен, майдан аумағындағы тұрғындарды жаппай көшіру қалай жүргізілгендігі, қандай бірізділікті ұйымдастырылғандығы, Қазақстан аумағына қанша тұрғындардың жаппай көшірілгендігі туралы зерттеулер өте аз.

Мақалада Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан аумағына тұрғындардың жаппай көшіру шарасының жүргізілу бағыттары мен статистикалық көрсеткіштері, осы шараның тарихи маңыздылығы зерттелуіне қатысты информацияны талдау, жүйелеу тәсілдері қарастырылған.

Кілт сөздер: Ұлы Отан соғысы, майдан, тыл, жаппай көшіру, депортациялау, зерттеу, архив, орналастыру.

МРНТПИ 03.20.00

ИЗ ИСТОРИИ МАССОВОГО ПЕРЕСЕЛЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ С ФРОНТА НА ТЕРРИТОРИЮ КАЗАХСТАНА В ГОДЫ ВОЙНЫ (1941-1942 ГГ)

Апашева Сабира Нурбаевна¹, Токмурзаев Бақыт Салманович²

¹ кандидат исторических наук, заведующий кафедрой университета Сырдария, Казахстан, г. Жетысай. sabira66_66@mail.ru

² доктор философии (PhD), руководитель отдела послевузовского образования университета Сырдария, Казахстан, г. Жетысай. b.tokmurza@gmail.com

Аннотация. В годы Великой Отечественной войны территория Казахстана и Средней Азии стала не только истерзанной войной родиной, но и временным и даже постоянным домом для вынужденных переселенцев. В разгар войны эвакуационные мероприятия столкнулись с множеством трудностей. Несмотря на то, что после окончания Великой Отечественной